

АРДАГЕРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ

Ұлы Отан соғысындағы Жеңісіміздің 68 жылдық мерекесі тойланар тұстан майданда қаза тапқан ұл-қыздарымыздың рухына бас иіп, бүгінде арамызда саусақпен санарлықтай қалған соғыс ардагерлеріне барынша құрмет көрсету парызымыз. Жуырда аудан орталығындағы Б.Алтынсарин мектеп-гимназиясында «Ерлік шежіресі-ұрпаққа мұра» атты соғыс ардагері Ақажанов Мұқажан ақсақалмен кездесу болып өтті. Кездесуге мектеп ұстаздары, оқушылар қатысты. Кездесудің алғашқы сәтінде осы бейбіт өмірге жете алмаған, ерлікпен қаза тапқан ағаларымыз бен апаларымыздың рухына бас иіп, бір минут үнсіздік жарияланды. Мұнан соң майдангер атаның соғыстағы ерен ерліктері, бейбіт өмірдегі еңбек жолдары таныстырылды. Мектеп оқушылары соғыс жылдарындағы батыр бабаларымыздың өмірі жайында өлең шумақтарын

оқыса, бишілер Катюша биін накышына келтіре орындап, жиналғандарға тамаша көңіл күй сыйлады. Бұдан соң жас өнерпаздар «Әлия», «Туған елім»

ояту, оқушыларға патриоттық, интернационалдық тәрбие беру, отаның сүйеге, елін қорғауға баулу, өз халқымыздың тарихын



әндерінен шашу шашты. Кездесуде елге жеңіспен оралған ардагердің ақ батасмын алып, соғыс жылдарында көрсеткен ерлік істері жайында сұрақтарын қойып, тұщымды жауаптар алды. Оқушылардың отанға деген сүйіспеншілігін

құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында өткен бұл кездесудің соңында ардагерге арнап ақ дастархан жайылып, сый сияпат көрсетілді.

А.ЫСҚАҚ.